

**Жакулаев Адил Муратовичтің**  
**8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру**  
**бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)**  
**дәрежесін алу үшін ұсынған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи**  
**дискурс» диссертациялық жұмысының**

**АҢДАТПАСЫ**

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қазіргі таңда бүкіләлемдік көркем ойдың дамуы жаңа белеске көтеріліп отыр. Жаһандық әдебиеттану ғылымында әдеби талдаудың формалық дәстүрі мен көркем мәтіннің семантикалық өлшемдері мүлдем өзгерген. Әдебиеттанудағы теориялық мәселелер үздіксіз жаңарып, қыр-сыры шексіз түрлі ұғымдар мен терминдер күннен күнге теориялық түсініктерімізді кеңейтіп, бүгінгі ғылымның көпфункционалылығын көрсетіп отыр. Ақпараттар тасқыны заманында мәдени өркениеттен шет қалмау әрбір елдің басты мақсатына айналып үлгерді. Сондықтан да ұлттық әдебиетіміздегі мәселелерді адамзаттың көркемдік даму жолындағы үдерісте қарастырып, саралауымыз кезек күттірмейтін жағдай екендігін мойындауымыз керек. Әдебиеттің мұншалықты жаңарып, құбылуын адамзат дүниетанымының қарқынды дамуымен байланыстыруымызға болады. Ендеше ұлттық әдебиетіміздегі жаңашылдықтарды жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар аясында зерделеп, ұлт әдебиетінің жетістік-кемшіліктерін бағамдау ұлттық әдеби-теориялық ойды дамыта түсері хақ.

Бүгінде философияда, мәдениетте, социологияда, лингвистикада, әдебиетте және т.б. көптеген ғылым салалары мен өнерде ең жиі қолданылатын терминнің бірі – «дискурс». Диссертациялық зерттеу еңбегінде осы дискурс ұғымының теориялық негіздері, мәтінмен байланысы, ортақ белгілері мен айырмашылықтары, дискурстың қоғам тудырған әрбір саладағы түрлері, көпбағыттылыққа ұласқан дискурсты түсіндірудің тәсілдері, қарапайым элементтері, көркем мәтіндегі ерекшеліктері, жалпыадамзаттық құндылыққа ғана емес, белгілі бір елдегі идеологиялық, саяси, ақпараттық мәселелердегі, тіпті, әдебиеттегі көрінісі, оның қоғамдық ой тудырып, оқырманға, халыққа әсері, тарихи сана мен жадты жаңғыртудағы қуаты әдебиеттану тұрғысынан айқындалып, жаңаша баға берілді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының даму бағдары аңдалып, тарихи тақырыптағы шығармалардың дискурстық кеңістігі байыпталды. Егемендік алғалы тарихи шығармаларымыздың көптеп жазылуы әдебиеттегі «тарихи дискурс» категориясын зерттеу нысанамызға алуға себеп болды. Отарлық қысымды басынан өткерген елдің қаламгерлері өткенге сыни көзбен қарап, айтылмаған, тыйым салынған ақиқаттарды әдеби туындылармен елге танытуы заңдылық. Осынау жылдарда тар шеңбердің аясында ғана өзіндік болмысын көрсетуге тырысатын кейіпкерлердің орнына жан-жақты, күрделі кейіпкерлер галереясы қалыптасып үлгерді. Қазіргі қазақ прозасы сапалы, саналы оқырман мүддесінен шығуы үшін әлі де жан-жақты дамуды қажет етеді. Дегенмен империалистік жаракаттарды емдеп, тарихи сананы жаңғыртуда, тарихи жадты

калыптауда, ұлттық танымды деколонизациялауда тың тақырыптарға, ізденістерге бара білгені шындық. Алайда, тарихи баяндарда бүгінгі әдеби техникалардың қолданылуы артықтық етпейтінін айта кеткіміз келеді.

Зерттеу жұмысында аталмыш мәселелер арнайы зерделеніп, әдеби шығармалардағы тарихи дискурс категориясы талдау нысанына алынды. Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи мәтіндердің өзіндік ерекшеліктерін тарихи дискурс аясында айқындау зерттеуіміздің басты мақсаттарының бірі болды. Тәуелсіздік алғалы жазылған тарихи шығармаларға шынайы ғылыми баға беру үшін әртүрлі жанрдағы прозалық туындыларға назар аударылды.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Әлемдік әдебиеттану ғылымын біртұтас деп қарайтын болсақ, қазақ әдебиеті оның бір бөлшегі. Әлемдік әдеби тенденцияның күрделенуі әрбір елде дәстүрден тыс жаңа теорияларды кеңінен қамтуға жол ашты. Әрине, теорияның кейбір мәселелері қиындық туғызады. Олардың барлығын әдебиетімізде қарастыра беру де олқылық. Дегенмен бұл иірім ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің жедел дамуына ықпал етті. Сондықтан да әрбір толқынның қазіргі қазақ прозасындағы дискурстарды ғылыми тұрғыдан талдап, теориялық тереңдікпен бағалауы маңызды болып отыр. Ол қазақ әдебиетінің әлемдік үрдістегі кеңістігін анықтауға, бұған дейінгі ғылыми пайымдарымызды барынша тиянақтап, мүмкіндігінше, қазіргі заманға лайықтап тың концепциялар ұсынуға жәрдемдеседі. Қазіргі көркем мәтінді талдауда белгілі бір ғылым аясымен ғана шектелу жөн емес. Бұл пәнаралық байланыстарды нығайтып, ғылымдар арасындағы шекараларды жойып, гетерогендікті ұстануды қажет етеді. Ендеше бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігі толассыз дискурстар ағынындағы қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдарын бағамдап, көркем шығармалардың тарихи дискурсты туындатуы туралы жаңа байламдар жасап, постколониалды елдегі тарихи сана деңгейін болжау үшін де маңызды. Әлемдік әдеби үдерістегі озық көркемдік-эстетикалық тәжірибелерді игерген заманауи әдебиетіміздің жетістіктерін білім беру үрдісінде қолданып, білім алушылардың танымдық көкжиегін кеңейтіп, құндылықтарын қалыптастыру аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Елдің ертеңі болатын болашақ мамандардың тарихи жағдайларға сыни көзбен қарап, жаһандану дәуіріндегі өркениеттің мәдени дискурстарына жұтылып кетпеуі үшін ұлттық кодты бойына сіңіріп, рухани иммунитетін арттыруда тарихи дискурстардың рөлі ерекше.

Жоғары оқу орындарының әдебиет теориясы пәнінде қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты меңгертуге деген қызығушылықтың болмауы, әдебиеттану ғылымында қазіргі қазақ прозасындағы эксперименттердің аздығы, көркем мәтінді талдауда жаңа әдіс-тәсілдердің, компьютерлік түрлі бағдарламалар жетістігінің пайдаланбауы, қазіргі қазақ прозасын оқытудың жаңа әдістемелік жүйесінің негізделмеуі зерттеу жұмысының өзектілігін танытады. Диссертациялық жұмыстың толық бір бөлімінің қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты оқытуға арналуы тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті әдістемесіне қосылған үлес екенін айғақтайды.

**Зерттеудің нысаны** ретінде 1991-2020 жылдар аралығында жарыққа шыққан қазақ әдебиетіндегі прозалық туындылар алынды. Тәуелсіздік алғалы

жазылған прозаның барлық жанрларын түгел қамту мүмкін емес, сондықтан тек бірнеше қаламгердің роман, повесть (хикая), әңгіме сынды жанрдағы шығармалары тандалды. Диссертациялық жұмыста М.Мағауиннің «Шыңғыс хан», «Қыпшақ аруы», Қ.Жұмаділовтың «Прометей алауы», Ж.Ахмадидің «Айтұмар», Т.Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы», Ұ.Доспанбетовтың «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» роман-дилогиялары, Р.Отарбаевтың «Бас», «Шыңғыс ханның көз жасы», Д.Рамазанның «Ажал келген күн», А.Алтайдың «Бүкір», Е.Тұрсыновтың «Мәмлүк» туындылары жан-жақты талданады және өзге де әдеби шығармалардағы мәтіндер нысанаға алынып, бүгінгі қазақ прозасындағы тарихи дискурс категориясына баға берілді.

**Зерттеу пәні** ретінде қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың көркемдік бейнеленуі алынды.

**Зерттеудің мақсаты.** Зерттеу жұмысын жазуда алға қойған негізгі мақсатымыз – қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты жүйелі түрде зерделеу және де қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты жоғары оқу орнында оқытылатын пән ретінде негіздеп, оқытудың ғылыми-теориялық әдістемесін ұсыну.

**Зерттеудің міндеттері:**

- дискурс, көркем дискурс, әдеби-көркем дискурс, тарихи дискурс, тарихи-көркем дискурс ұғымдарын анықтау;

- дискурс пен мәтінге қатысты тұжырымдарға талдау жасау, дискурстың көркем-әдеби дискурс, тарихи дискурс категорияларының көркем прозаға кірігу үрдісін анықтау;

- әдеби-көркем дискурс пен тарихи-көркем дискурстың теориялық негіздеріне, типологиялық сипаттарына ғылыми талдаулар жүргізу және өзара байланыстарын нақтылау;

- қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың интерпретациясын зерделеу;

- қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқытудың ғылыми-теориялық әдістемесін ұсыну, білім алушыларға қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты меңгертуде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланып, пән бағдарламасын құру;

- қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқыту бойынша эксперимент жүргізіп, тарихи дискурсты оқытудың тиімділігін зерттеу нәтижелерімен дәлелдеу.

**Зерттеу әдіс-тәсілдері.** Диссертациялық жұмыста жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес, салыстырмалы-тарихи, кешенді сараптау, сипаттама, жүйелі талдау, жинақтау, герменевтикалық әдістері қолданылды және озық педагогикалық әдістерді жинақтап қорыту, эксперимент жүргізу, сауалнамалық тест алу, эксперимент нәтижелерін өңдеу мен қорытындылау сынды жұмыстар атқарылды.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты зерттеу және білім алушыларға дискурс туралы әдеби теориялық мәселелерді оқыту студенттердің сөз өнеріне деген қызығушылықтарын арттырып, әдеби және эстетикалық талғамдарын қалыптастырады, теориялық

білімі мен шығармашылық қабілетінің жетілуіне әсер етеді. Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс пәнін оқу студенттердің әдеби шығармаларды ғылыми тұрғыдан талдауына, сөздік қоры мен көркем тілінің дамуына ықпал етеді. Кәсіби білімі тереңдеп, әдебиеттану ғылымы туралы кез келген ортада тұшымды пікір айта алады.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.** Зерттеу жұмысын жазу барысында қазақ әдебиеттану ғылымы мен лингвистикада, философия мен әлеуметтануда, мәдениеттану сынды гуманитарлық ғылымдарда маңызды зерттеулер жүргізген отандық және шетелдің ғалымдардың теориялық еңбектері басшылыққа алынды. Атап айтар болсақ, дискурс теориясына байланысты Т.А.ван Дейк, Н.Д.Арутюнова, П.Серио, Ж.Ж.Куртин, М.Фуко, М.Пеше, Е.С.Кубрякова, В.И. Карасик, Н.В. Кулибина, М.М.Бахтин, Ю.С.Степанова, М.Л.Макарова, И.Б.Руберт, В.В. Красных, Т.М.Николаева, Б.А.Ахатова, Қ.Ө.Есенова, Ж.И.Исмаилова, Ғ.Әнес, А.С.Адилова, Э.Д.Сулейменова, Г.Смағұлова, Н.Уәли, И.Ш.Нұрғожина, Г.Г.Бүркітбаева, К.Қ.Садирова, А.М.Жалалова, А.М.Жумагулова, А.Қ.Түсіпова, Ж.У.Есинбаева, Ж.Қ.Кішкенбаева, Қ.К.Кенжеханованың, әдеби-көркем дискурста қатысты В.И.Тюпа, А.С.Печеркина, В.А.Маслова, Н.Ф.Алефиренко, К.Жунусова, Д.Манохин, Н.Кенжеғараев, К.Қ.Садированың, тарихи дискурс мәселесі бойынша Р.Барт, М.Фуко, А.В.Лубский, А.П.Миньяр-Белоручева, Дж.Суэйлз, А.М.Лобин, Д.А.Маркова, В.А.Райскина, О.В.Герасимов, Ж.В.Федорова, А.Т.Гиголаева, Н.И.Безлепкин, К.М.Маркович, А.П.Скорик, М.Г.Пономарёва, В.П.Потамская, И.Н.Ионов, С.С.Субботенко, А.Т.Гиголаева, О.Ю.Алейников, О.Г.Плехова, О.А.Мещерякова, М.М.Репенкова, О.Г. Дука, Л.П.Голикова, М.В.Шаройко, Ю.Т.Джангильдин, Е.А.Бобконың, қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалардың зерттелуі мен теориялық мәселелер бойынша Р.Бердібаев, З.Серікқалиев, Р.Нұрғали, М.Дүйсенов, Ш.Елеукенов, М.Хамзин, Г.Елеукенова, Т.Сыдықов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Қ.Алпысбаев, Ж.Жарлығаров, Т.Рақымжанов, А.М.Тоқсамбаева, М.Р.Балтымова т.б. ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылды. Сондай-ақ әдебиетті оқыту әдістемесіне қатысты Қ.Бітібаева, Х.Шунк Дейл, Т.Жұмажанова, Ж.Рүстемова, Б.Жұмақаева, Ж.Қ.Смағұлов, С.У.Такиров, А.Әлімов, Қ.Е.Бешімбаев, А.Найманбаев еңбектері, білім берудегі нормативтік құжаттар қолданылды.

**Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.** Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың өзіндік ерекшеліктері жүйеленіп, тәуелсіздік кезеңінде жазылған көркем туындыларға ғылыми-теориялық баға беріліп, тарихи прозаның бағыт-бағдары айқындалды. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі қазақ әдебиетін, тәуелсіздік жылдардағы қазақ прозасын, тарихи шығармалар поэтикасын, дискурстық теориялардың әдебиеттегі көрінісін, тарихи дискурс категориясын, дискурсты оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеуде дереккөз бола алады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Теориялық әдебиеттану», «Поэтика және эстетика» сынды арнайы курстар мен семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады.

### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:**

- қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс тұңғыш рет пәнаралық негізде ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қарастырылды;
- қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурстың өзіндік ерекшеліктері айқындалып, оның мәні мен маңызы көрсетілді;
- тарихи дискурс типологиясының классификациясы жасалды;
- «реавтореминисценция» ұғымын қолдану ұсынылды;
- «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» атты элективті курсының оқу-әдістемелік кешені әзірленді;
- қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқыту бойынша эксперимент жүргізіліп, әдебиеттегі тарихи дискурсты оқытудың маңыздылығы дәлелденді.

**Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы.** Эксперимент әдісі Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде жүргізіліп, қорытындысы тұжырымдалды.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

1. Бірінші кезеңде (2020-2021 ж.ж.) диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен негізгі қарастырылатын теориялық мәселелер нақтыланды. Тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер мен әдебиетті оқытудың әдістемесіне байланысты еңбектер зерделенді. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, ғылыми болжамы анықталды.

2. Екінші кезеңде (2021-2023 ж.ж.) дискурс, әдеби-көркем дискурс, тарихи-көркем дискурсқа арналған ғылыми еңбектерге және көркем шығармаларға талдаулар жасалды. Оқырмандардың қабылдау деңгейін анықтау мақсатында тарихи деректер қамтылған көркем шығармалар негізінде білім алушыларға эксперименттер жүргізілді. Нәтижелері ғылыми ортада талқыланды. Қорытынды тұжырымдар «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» пәнін оқыту үдерісіне енгізіп, эксперимент жүргізуге себеп болып, материалдар дайындалды.

3. Үшінші кезеңде (2023-2024 ж.ж.) қорытынды эксперимент жасалмас бұрын алдын ала зерттеу әдісінде ұсынылған материалдар негізінде студенттердің білім деңгейі тексерілді. Оқу кезеңі аяқталғаннан кейін бақылау тобы мен экспериментке қатысушы реципиенттер тобының білім көрсеткіштерінің нәтижесі салыстырылды. Зерттеу жұмысы қорытындыланып, эксперименттер нәтижесі бойынша тұжырымдар жасалып, диссертациялық зерттеу жұмысы түрінде рәсімделді.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.** Зерттеу нәтижелері бойынша қорғауға мынадай тұжырымдар ұсынылады:

- дискурс – қоғамдық, әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас (ым-ишара, сөйлеу әдебі (этикасы), жеке индивидтің немесе адресат пен адресанттың көзқарасы мен дүниетанымы т.б.) құралы;
- әдеби-көркем дискурс көркем шығармада суб-дискурстарсыз (авторлық, поэтикалық, нарраторлық, кейіпкерлік, оқырмандық) көріне алмайды, барлығы әдеби-көркем дискурсқа қызмет етеді;
- әдеби-көркем дискурс белгілі бір деңгейде оқырман санасына әсер етіп, оны өзгерте алады;

- тарихи дискурс – тарихи оқиғалардың мәнін, тарихи дәуірдің рухани шындығын тануға мүмкіндік беретін эстетикалық құбылыс;
- тарихи дискурс – тарих, философия, эстетика, филология сынды т.б. гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық категория;
- тарихи дискурс – тарихи жағдайлар, оқиғалар, тарихи тұлғаларға қатысты ақпараттарды, тарихи көркем мәтінді қабылдау мен түсіну;
- тарихи-көркем дискурс автордың тарихи деректі көркем мәтінде интерпретациялауымен, кейіпкерлердің сөйлеу процесстерін (диалог, монолог т.б.) және көркемдік коммуникация реципиенттерін бағалаумен ерекшеленеді;
- «автореминисценция» көркем шығарма мәтінінде қаламгердің өз шығармасына сілтеме жасайтыны болса, «реавтореминисценция» жазушының жазып отырған шығармасының өзіне сілтеме жасауы;
- қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты озық педагогикалық технологиялар арқылы меңгерту білім алушылардың тарихи жадын қалыптастырып, көркем мәтіндерді әдеби-теориялық тұрғыдан кәсіби түрде талдап, өзіндік сыни көзқарасын білдіре алады және коммуникативті қарым-қатынастар жасай білудегі барлық бейімділігін көрсетеді;
- «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені мен бағдарламасы ұсынылды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы.** Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 10 мақала жарық көрді. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда – 6 мақала, Халықаралық шетелдік ғылыми конференция материалдар жинағында – 1 мақала, Қазақстандағы халықаралық ғылыми конференцияларда – 3 мақала жарияланды.

1. Takirov S.U., Zhakulaev A.M.\* Literary searches of Kazakh dramaturgy in totalitarian system // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №2 (102) 2021. - P.6-13. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI 10.31489/2021Ph2/6-13

2. Zhakulayev A.M., Takirov S.U. Features of literary and historical discourse // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №1 (105) 2022. - P.124-130 (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI 10.31489/2022Ph1/124-130

3. Zhakulayev A.M., Takirov S.U., Soylemez O. Historical discourse and allusion // Bulletin of the Eurasian humanities institute, Philology Series. - №4, 2022. - P. 134-146. (ISSN 1999-4214). DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.14>

4. Zhakulayev A.M., Takirov S.U. Historical discourse in M. Magauin's «Kipchak Beaute» // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №1 (109) 2023. - P.109-116. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI 10.31489/2023Ph1/109-116

5. Жакулаев А.М., Бабашов А.М. I.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Ағыбай батыр образы // ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №2 (110) 2023. - Б.114-124. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI 10.31489/2023Ph2/114-124

6. Zhakulayev A.M., Takirov S.U., Mingazova L.I. Narrative and historical discourse // M.O. Auezov institute of Literature and Art Herald, «KERUEN» scientific journal. - №1 (78) 2023. - Б.112-122. (ISSN: 2078-8134). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-10>

7. Жакулаев А.М. Асқар Алтайдың «Түсік» әңгімесіндегі көркем дискурс // Қазіргі білім беру кеңістігінде тіл мен әдебиет мәселелері: трансформация және даму тенденциялары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. – Ташкент, 2023. - Б. 102-105

8. Жакулаев А.М. Әдебиеттегі тарихи дискурс категориясы // Ғылым және білім – қазіргі жағдайдағы қоғам дамуының маңызды факторы: X халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы.– Қарағанды, 2023. - Б. 235-240 (ISBN 978-601-7493-82-0)

9. Жакулаев А.М. Сұлтан Бейбарыс: дискурс және тарихи сана (Д.Рамазанның «Ажал келген күн» әңгімесі негізінде) // Египет тарихындағы Сұлтан Бейбарыстың алатын орны мен рөлі: халықаралық конференция жинағы. – Алматы, 2023. - Б. 74-79 (ISBN 978-601-269-479-6)

10. Жакулаев А.М. Тарихи тұлға дискурсы: қазақ, түрік, қырғыз әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі // Заманауи әлемдегі ғылым мен білім: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Қарағанды, 2024. - Б.368-373